ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2018 ж. 20 тамыз № 24

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

«Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттама жобасын бекіту, конкурстық комиссия құрамын анықтау және бекіту, конкурстық комиссия хатшысын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі жауапты хатшысының 2018 жылғы 18 шілдедегі № 72 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 61- тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттама жобасын бекіту, конкурстық комиссия құрамын анықтау және бекіту, конкурстық комиссия хатшысын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі жауапты хатшысының 2018 жылғы 18 шілдедегі № 72 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін.

көрсетілген бұйрықтың 2- тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мына құрамда конкурстық комиссия құрамы айқындалсын және бекітілсін:

Марат Алмасұлы Әзілханов	Жауапты хатшы, конкурстық комиссия төрағасы;

000054

Анар Зекенқызы Есмақанова	Экономика және қаржы департаментінің директоры, конкурстық комиссия мүшесі;
Арслан Қадырұлы Нұрмұхамбетов	Экономика және қаржы департаменті Мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы, конкурстық комиссия мүшесі;
Айнұр Аманкелдіқызы Байдүйсенова	Заң департаментінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы, конкурстық комиссия мүшесі;
Нұрбол Серікбекұлы Серікбеков	Министрдің баспасөз хатшысы – баспасөз қызметінің басшысы, конкурстық комиссия мүшесі.»

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Қоғамдық даму министрлігінің
жауапты хатшысы **М. Әзілханов**